

"Облыстың (қаланың, ауданның) құрметті азаматы" атағын беру қағидаларын бекіту туралы

Қызылорда облыстық мәслихатының 2012 жылғы 06 желтоқсандағы N 63 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2013 жылы 11 қаңтарда N 4387 тіркелді.

РҚАО ескертпесі:

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 12-2) тармақшасына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты
ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қоса берілген "Облыстың (қаланың, ауданның) құрметті азаматы" атағын беру қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облыстық
мәслихатының кезекті
12 сессиясының төрағасы

І. Тілеп

Қызылорда облыстық
мәслихатының хатшысы

Б. Еламанов

Қызылорда облыстық мәслихатының
2012 жылғы 6 желтоқсандағы
N 63 шешімімен бекітілген

"Облыстың (қаланың, ауданның) құрметті азаматы" атағын беру қағидалары

1. "Облыстың (қаланың, ауданның) құрметті азаматы" атағы (бұдан әрі - атақ) Қызылорда облысының (Қызылорда қаласының, ауданның) әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-мәдени, қоғамдық өмірдің басқа да салаларының дамуына, қайырымдылық жасау қызметінде, азаматтарды қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеуде, бейбітшілік пен достықты, ұлтаралық келісім мен татулықты нығайтуда қомақты үлес қосқан азаматтарға беріледі.

2. Атақ облыс (қала, аудан) әкімінің ұсынысы бойынша облыстық (қалалық, аудандық) мәслихаттың шешімімен беріледі.

3. Атақ облыс (қала, аудан) аумағында тұрмайтын азаматтарға да берілуі мүмкін.

4. Атаққа ие болған тұлғаға куәлік, төсбелгі беріледі және оның есімі облыстық (қалалық, аудандық) тарихи-өлкетану мұражайында сақталатын Облыстың (қаланың, ауданның) құрметті азаматтары кітабына енгізіледі.

5. Куәлікті, төсбелгіні және Облыстың, қаланың, ауданның құрметті азаматтары кітабын әзірлеу және жасап шығару тиісінше облыс, қала, аудан әкімдерінің аппараттарына жүктеледі.

6. Атақ беру туралы қолдаухатты облыс (қала, аудан) әкімінің атына жеке және заңды тұлғалар енгізеді. Түскен қолдаухаттар облыс (қала, аудан) әкімінің жанындағы марапаттау комиссиясымен қаралады.

7. Ұсынымға нақты сіңірген еңбектері және наградалары туралы мәліметтер қамтылған мінездеме, сондай-ақ, 3х4 сантиметр және 6х9 сантиметр көлеміндегі екі сурет қоса жалғанады.

8. Атақ беру туралы қолдаухат қолдау таппаған жағдайда аталған қолдаухатты ұсынған тұлғаға заңнамада көзделген мерзімде оның себебі туралы түсіндірме беріледі.

9. Облыс (қала, аудан) әкімі облыс (қала, аудан) әкімінің жанындағы марапаттау комиссиясының ұсынысын ескере отырып, кандидатураны облыстық (қалалық, аудандық) мәслихаттың қарауына ұсынады.

10. Куәлік пен төсбелгі облыс (қала, аудан) әкімімен және (немесе) облыстық (қалалық, аудандық) мәслихаттың төрағасымен салтанатты жағдайда тапсырылады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облыстық мәслихатының 29.03.2024 № 84 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қызылорда облыстық мәслихатының
2012 жылғы 6 желтоқсандағы
N 63 шешіміне қосымша

Қызылорда облыстық мәслихатының күші жойылды деп танылған шешімдерінің тізбесі

1) "Қызылорда облысының құрметті азаматы" атағын беру ережесін бекіту туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2009 жылғы 27 наурыздағы N 146 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4225 нөмірімен тіркелген, облыстық "Сыр бойы" газетінің 2009 жылғы 25 сәуірдегі 78-79 сандарында, "Қызылординские вести" газетінің 2009 жылғы 27 сәуірдегі 65 санында жарияланған.);

2) "Қызылорда облысының құрметті азаматы" атағын беру ережесін бекіту туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2009 жылғы 27 наурыздағы N 146 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2009 жылғы 26 маусымдағы N 162 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

Тізілімінде 4233 нөмірімен тіркелген, облыстық "Сыр бойы" газетінің 2009 жылғы 1 тамыздағы 149-150 сандарында, "Кызылординские вести" газетінің 2009 жылғы 1 тамыздағы 116 санында жарияланған.);

3) "Облыстың (қаланың, ауданның) құрметті азаматы" атағын беру ережесін бекіту туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2009 жылғы 27 наурыздағы N 146 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2009 жылғы 25 желтоқсандағы N 196 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4241 нөмірімен тіркелген, облыстық "Сыр бойы" газетінің 2010 жылғы 2 ақпандағы 21-22 сандарында, "Кызылординские вести" газетінің 2010 жылғы 6 ақпандағы 21 санында жарияланған.).